

**«6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған Бейсенбаев Олжас Тусулбекулының
«ҚХР сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы және «Белдеу мен жол» аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
СЫН-ШІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес</u> (бағытын көрсету)</p>	<p>ҚР 2020-2030 жылдарға арналған сыртқы саясат тұжырымдамасында өңірлер мен мемлекеттердің арасынан Қытай Халық Республикасымен ынтымақтастыққа басымдық берілген. Осы Тұжырымдаманың 4.2. тармағында «Ресей Федерациясымен одақтастық қатынастарды, Қытай Халық Республикасымен жан-жақты стратегиялық әріптестікті, Америка Құрама Штаттарымен кеңейтілген стратегиялық әріптестікті, Орталық Азия мемлекеттерімен стратегиялық қарым-қатынастарды, Еуропалық Одақпен және мүше мемлекеттермен кеңейтілген әріптестік пен ынтымақтастықты одан әрі дамыту» міндеті қойылған.</p> <p>Ұсынылған диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған ғылымды дамытудың келесі басым бағыттарына сай орындалған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылым саласындағы зерттеулер» - «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер».
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі үлесін қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Бұл жұмыс Қытайдың сыртқы саяси стратегиясын ондағы бастамалар мен концепциялар призмасы арқылы ғылыми зерттеуге елеулі үлес қосады. Зерттеудің жаңашылдығы мен нәтижелері, кейбір тұжырымдары тақырыптың ары қарай тереңдетуге ғылыми негіз қалайды. Атап айтқанда, бұл жұмыс ҚХР сыртқы саясатының трансформациясын және оның Қазақстанмен қарым-қатынасын «Белдеу мен жол» бастамасы шеңберінде түсінуге мүмкіндік береді. Жаһандық геосаяси ахуалдың өзгеруі жағдайында Қытай-Қазақстан қарым-қатынастарына ерекше көңіл бөлу қажет екені рас. Автор сонымен қоса ҚХР сыртқы саясатында соңғы кезеңде үлкен орын алатын «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры»

			<p>концепциясына теориялық және тұжырымдамалық талдауы отандық академиялық ортаға тың серпіліс береді деп есептеймін.</p> <p>Зерттеудегі пәнаралық көзқарас, аймақтық теорияларға екпін беру және қытайлық концепцияны қолдану қазіргі халықаралық қатынастардың динамикасын түсінуге жол ашады. Жұмыс теориялық тұрғыдан ғана маңызды емес, сонымен қатар, Қытайдың аймақтағы ықпалының күшеюі жағдайында ОА қауымдастығының ортақ көзқарасы мен жауабын қалыптастыруға өзіндік септігін тигізеді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған 	<p>Зерттеу жұмысы автордың өзінің жазу принципіне, дербестігіне толық сәйкес келеді. Диссертацияда тақырып бойынша көптеген дереккөздерді, соның ішінде рецензияланған мақалаларды, монографияларды, электронды ресурстардан алынған деректерді жүйелеу және сыни талдау арқылы автор жұмысты жазудың жоғары деңгейін көрсеткен. Зерттеудің ерекшелігі оның біркатар батыс және шығыс теорияларын, жан-жақты әдістемелерді үйлестіре білуінде, эмпирикалық деректерді ұтымды пайдалануында, Қытайдың тұжырымдамаларына қатысты қазақстандық көзқарас пен талдауға деген өзіндік үлесінде жатыр деп есептейміз.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>негізделген;</u> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі бірнеше факторлармен негізделген. Біріншіден, жұмыс «Белдеу мен жол» бастамасы іске асырылған онжылдық кезеңді, яғни 2013-2023 жылдар аралығын қамтып, әсіресе Қытай Коммунистік партиясының XIX съезінен кейінгі Қытайдың ішіндегі және одан тыс саяси оқиғаларды, дәл осы аралықтағы саяси реформаны қолға алған Қазақстанмен байланысын да қарастырады. Диссертация халықаралық геосаяси ахуалдың үздіксіз өзгерісі мен ҚХР ішкі мақсат-мүддесінің сыртқы саяси конфигурацияға ықпалы, Қазақстанмен қарым-қатынас динамикасын объективті бағалауға мүмкіндік береді. Екіншіден, түрлі теория мен әдістемелер арқылы диссертациялық жұмыстың теориясы қаншалықты құнды болса, дәл қазіргі саяси процестер кезеңінде практикалық байланысы да маңызды болып отыр. Өйткені, Қытай Коммунистік партиясы «Белдеу мен жол» бастамасы және «Цифрлық Жібек жолын» ары қарай кеңейтуге барынша күш салатыны анық. Сондықтан, ол бастамаларды іске асыру, кейбір нәтижелерін бағалау қажеттілігіне қарай тақырыптың өзектілігі толық негізделген.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 	<p>Диссертация жұмысының мазмұны, құрылымы оның тақырыбын айқындайды. Зерттеу әдістері мен дереккөздері түсіндіріліп, негізгі теориялар мен концепциялар ұсынылып, жұмыстың жаналығы мен практикалық маңыздылығы атап өтілген. Негізгі бөлімнің алғашқы</p>

	<p>3) айқындамайды</p>	<p>тарауында ҚХР сыртқы саясатының концептуалдық негіздері, ондағы жаһанды басқару жүйесін реформалау идеясы, жана бастамалардың бірқатарына шолу жасалса, екінші тарауда сыртқы саяси трансформациядағы «Белдеу мен жол» және «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясының алатын орны, өзара байланысы зерттелген. Аталған тұжырымдамалардың аймақтық көпжақты ынтымақтастыққа ықпалы көрсетілген. Ал, үшінші тарауда сыртқы саясаттың эволюциясы мен аймақтағы амбициясы артқандағы Қытайдың Қазақстанмен ынтымақтастығы, дипломатиялық риторикасының өзгерісі, тың бағыт ретінде «Цифрлық Жібек жолы» да назарға алынған. Диссертация мазмұнын құрайтын осы тараулар тақырыпты жан-жақты айқындап берген.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеудің ұсынылған мақсат-міндеттері Қытайдың сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы және «Белдеу және жол» бастамасы аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы туралы диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы ҚХР-дың әлемдік тәртіптегі орнын, аймақтық саясатын, сыртқы саясатының траекториясын объективті бағалауға, сондай-ақ Қазақстанмен қарым-қатынастарын талдауға бағытталған. Зерттеудің міндеттеріне Қытайдың сыртқы саясатының теориялық ерекшеліктерін талдау, сыртқы саяси парадигманың қалыптасуын зерттеу, жаңа концепцияларды қарастыру, «Белдеу мен жол» бастамасының Орталық Азия мен Қазақстанға аймақтық әсерін бағалау, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық серіктестік, оның ішінде «Жібек жолының экономикалық белдеуі» және «Цифрлық Жібек жолы» зерттеу міндетіне қойылған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Зерттеудің тұжырымдалған мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ әрбір бөлімнің сипаттамасына қарап, барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан деп тұжырымдауға болады. Мәселен, диссертацияның кіріспе бөлімінде алға қойылған мақсат-міндеттер толық орындалған және зерттеудің нәтижесі мен тұжырымдарынан көрінеді.</p> <p>Негізгі бөлімнің алғашқы тарауында Қытай сыртқы саясатының трансформациясы мен оның концепциялары әлемдік тәртіптегі Қытайдың орны, жаһанды басқару жүйесін реформалау өзгерістеріне байланысты зерттелген.</p> <p>Негізгі бөлімнің екінші тарауында автор ҚХР сыртқы саясатының трансформациясындағы, сондай-ақ жаһанды басқару контекстіндегі</p>

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>«адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» концепциясы және «Белдеу мен жолды» орны мен өзара байланысын кешенді түрде қарастырған.</p> <p>Зерттеудің соңғы тарауында «Белдеу мен жолды» іске асырудағы Қазақстан мен Қытайдың өзара ықпалдастығы, «Жібек жолы экономикалық белдеуіндегі» стратегиялық қарым-қатынастың жаңа сатысы, ҚХР дипломатиялық риторикасындағы өзгерістер және Қазақстан-Қытай өзара цифрлық даму саласындағы ынтымақтастығына назар аударылған. Барлық бөлімдер Қытайдың сыртқы саясатын, Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын жан-жақты зерделеуге бағытталған, біртұтас және логикалық байланысы бар зерттеу деп есептейміз.</p> <p>Диссертанттың ұсынған жаңа шешімдері дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, осыған дейінгі зерттеулерге ауқымды шолу жасау арқылы сыни және салыстырмалы талдау жасалған. Автор алдыңғы зерттеу жұмыстарындағы ҚХР сыртқы саясат концепцияларының интерпретациясы, қазақ тіліндегі аудармасы, формасы мен мазмұны туралы нақты пікір білдірген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары жаңа деуге толық негіз бар. Өйткені ол зерттеу бағыты бойынша тың көзқарас ұсынып, жаңа терминдер мен сөз орамдарының анағұрлым сәтті аудармасын ғылыми айналымға енгізеді, тақырыптың теориясы мен тұжырымдамалауын жаңа деңгейге шығарады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Белдеу мен жол» және «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» тұжырымдамасы диссертация деңгейінде кешенді қарастырылған және ол Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын зерттеудегі жаңа кезеңді білдіреді. 2. ҚХР-ның сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы жаһанды басқару концепциясы, ресейлік, қытайлық ғалымдар еңбектеріндегі теориялар арқылы кешенді қарастырылған. 3. Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық қарым-қатынастардың жаңа кезеңіне баса назар аудара отырып, 30 жылдық байланыстың соңғы онжылдығына басымдық берілген. 4. Қытайдың «халықаралық қатынастардың жаңа типі» және «көршілік дипломатияны» ілгерілетуі ҚХР дипломаттарының риторикасы арқылы бағаланған. 5. 2013 жылдан 2023 жылға дейінгі Қытайдың сыртқы саясатының эволюциясы «Белдеу мен жол» контекстінде кезеңдерге бөліп зерттелген.

			<p>6. ҚХР-дың сыртқы саяси тұжырымдамаларын мемлекеттік тілге аудару бойынша бірыңғай ұстаным академиялық ортаға ұсынылған.</p> <p>7. «Цифрлық Жібек жолы» бастамасы арнайы зерттеу нысаны ретінде алынып, халықаралық қатынастардағы цифрлық технологиялардың өзектілігіне, ақпараттық байланысқа назар аударылған.</p> <p>Диссертациялық жұмысты бағалауда ұсыныс ретінде айтылатын жайт, көптеген орыс тілді сөздер мен терминдердің қазақ тілінің ғылыми айналымына әлдеқашан енгеніне қарамастан диссертант «инициатива», «динамика», «механизм», «позиция», «амбиция», «глобализация», «конфликт» сынды сөздердің қазақша баламасынан гөрі орысша нұсқасын көбірек пайдаланған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа және өзіндік бірегейлігімен ерекшеленеді. Жұмыстың жаңалығы Қытайдың жаһандық басқарудың өзіндік интерпретациясын, «Белдеу мен жол» бастамасының «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» тұжырымдамасымен практикалық байланысын, ҚХР-дың сыртқы саясатта өз стандарттары мен нормаларын енгізуін, Қытай жобаларын қабылдаудағы қиындықтар мен скептицизмді кешенді зерттеуінен көрінеді. Диссертацияның қорытындылары сыртқы саясаты саласындағы аналитикалық құралдарды толықтырып, Қазақстандағы қытайтану мен халықаралық қатынастарды дамытуға қосқан елеулі үлесі ретінде бағаланады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; <u>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысында тақырыптың саяси-дипломатиялық аспектілері, халықаралық қатынастар теориясы қолданылғандықтан нақты техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері қарастырылмаған. Дегенмен «Жібек жолының экономикалық белдеуі» аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы, «Цифрлық Жібек жолы» аясындағы байланысты ақпараттық технология мен цифрлық экономиканы дамыту жолдары, тәжірибе алмасу проблемасы, ақпараттық қауіпсіздік мәселесі зерттеуге арқау болған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда <u>ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеудің негізгі қорытындылары ҚХР-дың сыртқы саяси стратегиясын, Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын кешенді және терең зерттеу арқылы дәлелденген. Автор Қытайдың сыртқы саясатының теориялық ерекшеліктері мен мәселелеріне жан-жақты шолу жасап, өзгермелі әлемдік тәртіптегі қытайлық концепциялардың эволюциясын қарастырып, олардың аймақтық қарым-қатынастарға, соның ішінде Қазақстанмен әріптестікке әсерін талдаған. Сенімді дереккөзге сүйене отырып тақырып аясындағы негізгі тенденцияларды анықталған. Бұл халықаралық қатынастардың қытайлық теориясын алға жылжыту ұмтылысын, оның жаһандық басқарудағы рөлі, аймақтық байланыста өз стандарттарын құру</p>

			талпынысын көрсетеді. Автор қытай тіліндегі түпнұсқа тұжырымдарды бағалап, негізделген және құрылымдалған қорытынды жасаған. Қытайдың сыртқы саясатындағы өзгерістер мен оның аймақтық динамикаға әсерін түсіну үшін зерттеу салмақты негіздеме береді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Бірінші тұжырым: ҚХР АҚШ құрған жаһандық тәртіпті ревизионистік сипатта жанама түрде өзгертуге талпыныс жасауда. АҚШ нормаларына балама ретінде Қытай жаһандық бастамаларды алға жылжытып, ереже қабылдаушыдан шығарушыға айналууда. Қытай әлемдегі ықпал бөлінісін жаңадан құрғысы келгенімен, іс жүзіндегі институттармен де байланысын нығайтады. Бұл Қытайдың батыс ықпалы салыстырмалы түрде аз кеңістікте ішінара гегемонияға ұмтылатынын көрсетеді. «Белдеу мен жол» – ҚХР осындай стратегиялық байланысын арттыруды көздейтін географиялық аумақ. Қытайдың өзіндік идентификациясы, дәстүрлі мәдениеті қазіргі тәртіптің құндылықтарына қайшы келгендіктен, бүгінгі жағдайда өзара ықпалға сүйенетін күштер балансы сақталуы ықтимал.</p> <p>7.1 теориялық мектептерді зерттеу негізінде дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә, жаңа</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 иә, мақалада дәлелденген</p> <p>Екінші тұжырым: ҚХР-дың жаһанды басқарудың өзіндік интерпретациясы халықаралық қатынастардың қытайлық теориясын тарату ұмтылысын көрсетеді. ҚХР сыртқы саяси бастамалары арқылы жаңа идеялар корпусын қалыптастыру және оны тәжірибеге енгізуді көздейді. «Халықаралық қатынастардың жаңа типін», «жаңа дәуірдегі қытайлық ерекшеліктегі үлкен мемлекеттің дипломатиясы», «көршілік дипломатия», «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры», БЖИ – ҚХР жаңа дәуірдегі жаһандық, аймақтық және трансқұрлықтық саясатының концептуалдық негіздеріне жатады. Аталған концепцияларды Қытай халықаралық қатынастар теориясына қосқан үлесі ретінде қарастырады. Сыртқы саясат концепцияларының нақты иерархиясы анықталмағандықтан, ондағы аналитикалық тұжырым мен үкіметтің ұстанымын бөліп қараған маңызды.</p> <p>7.1 түпнұсқа деректерді талдау және кабинеттік зерттеу нәтижесінде дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә, жаңа</p>

		<p>7.4 қолдану деңгейі кең 7.5 иә, мақалада дәлелденген</p> <p>Үшінші тұжырым: Қытайлық зерттеулерге сәйкес, «Белдеу мен жол» – «адамзат қауымдастығының ортақ тағдырын» іске асырудың практикалық механизмі. БЖИ Қытайдың жаһанды басқаруға қосқан экономикалық, сауда, көлік-логистикалық үлесін қамтиды. ҚХР БЖИ-дің шеңберіндегі саяси ықпалдастық, инвестиция және инфрақұрылым жобалары арқылы дамушы елдерде өзіндік ережелерді белгілеуді көздейді, ал «адамзат тағдыры» оның идеялық мазмұны мен сыртқы имиджін білдіреді деген ұстаным бар. «Си Цзиньпин идеялары» ҚКП Жарғысы мен ҚХР Конституциясына енгізілген соң, халықаралық қатынастар жүйесін өз пайдасына өзгертетін орталық постулат ретінде орнады. Қытай басшылары осы идеяларды тиімді формада толықтырып отыруы ықтимал.</p> <p>7.1 ресми құжаттар мен ауқымды деректер базасына сүйеніп дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 иә, жаңа 7.4 қолдану деңгейі кең 7.5 иә, мақалада дәлелденген</p> <p>Төртінші тұжырым: Си Цзиньпин басшылығымен Қытай дипломатиялық риторикасының формасы мен мазмұны эволюциядан өтті. ҚХР проактивті дипломатиясы жай үгіт-насихат емес, ҚКП-ның халықаралық дискурстағы құқығын қорғау, саяси моделінің институционалдық артықшылығын көрсету, дамушы елдермен қатынасын нығайту жауапкершілігі ретінде қарастыруға болады. Қытайдың жаһанды басқарудағы мүддесі инвестициялық, сауда-экономикалық шекарадан асып, саяси-дипломатиялық сипат ала бастады. ҚХР-дың сыртқы саясаттағы амбициясы «Қытай – Орталық Азия» диалог алаңының құрылуы, халықаралық ұйымдар аясындағы кездесулер жиілігі, Қытайдың дипломатиялық өкілдіктерінің мәлімдемелерінен көрінеді. Қытай дипломатиясының дәстүрлі екіжақты ұстанымы көпжақты форматқа ауысып, ОА өзара байланысты нарықтың тұтас конструкция ретінде қарастырыла бастады.</p> <p>7.1 ҚХР ресми өкілдері мен дипломаттарының мәлімдемелеріне контент талдау арқылы дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 иә, жаңа 7.5 қолдану деңгейі кең</p>
--	--	--

7.5 иә, мақалада дәлелденген

Бесінші тұжырым: 2013-2023 жылдары бастамалар аясында Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық қарым-қатынас жаңа деңгейге көтерілді. Қытай Қазақстанды БЖИ бойындағы маңызды «трансқұрлықтық көпір» деп санайды. Осы аралықта стратегиялық байланысқа «мәңгілік» сипаты қосылып, Қазақстан ОА-дағы Қытайдың жетекші сауда-инвестициялық серіктесіне айналды. Қазақстан Қытайдың бастамасын мақұлдап қана қоймай, «Орта дәлізді» дамытудың балама идеяларын ұсынууда. Бүгінде БЖИ аясындағы орталық қана емес, трансшекаралық және өңіраралық байланысқа назар аударылуда. Постпандемия кезеңінде сауда көрсеткішіндегі диспропорция, «жасыл дәлізді» шешудің прагматикалық қадамдары іске асуы ықтимал. Ресми мемлекетаралық қатынастың динамикасына қарамастан, ҚХР жобаларын қабылдау скептицизмі де жойылған жоқ.

7.1 екіжақты құжаттар мен сауалнама нәтижесі бойынша дәлелденді

7.2 жоқ

7.3 иә, жаңа

7.4 қолдану деңгейі кең

7.5 иә, мақалада дәлелденген

Алтыншы тұжырым: Қытай үшін БЖИ-ді іске асырудағы «Цифрлық Жібек жолының» өзектілігі артып келеді. БЖИ елдерінің цифрлық байланысын нығайтуды Қытай өзін қозғаушы күш ретінде есептейді. Сауда-экономикалық қатынастың цифрлануы оның транспаренттілігін, трансшекаралық тасымалды, ақпарат алмасуды жеделдетеді. Карантин шектеулері кезеңінде «цифрлық дипломатия» ұғымы да таралды. Алдағы уақытта ЦЖЖ Қытай сыртқы саясатының басым бағытына айналуы ықтимал. Қытай тарапы ЦЖЖ телекоммуникация желісін, бұлтты технология, электронды коммерцияны жетілдіруге бағытталғанын түсіндіргенімен, жеке деректер құпиялығы, цифрлық қауіпсіздіктің проблемасы сын-қатер тудырады. ЦЖЖ перспективасы қауіпсіздік тұрғысынан әлі де терең зерттеуді талап етеді.

7.1 деректер базасы негізінде дәлелденді

7.2 жоқ

7.3 иә, жаңа

7.5 қолдану деңгейі кең

7.5 иә, мақалада дәлелденген

			<p>Жетінші тұжырым: ҚХР сыртқы саясатын зерттеудің теориясы және әдіснамасын жетілдіру қажеттілігі жоғары. Қазақстандағы БЖИ имплементациясын бағалайтын толыққанды эмпирикалық зерттеулер шет елдік ұйымдардың қатысуымен жарияланып келеді. БЖИ тақырыбын тұрақты зерттеушілер пулы қалыптаспаған және материалдардың басым бөлігі комплиментарлық сипатта келеді. ҚХР сыртқы саяси бастамаларының мемлекеттік тілдегі аудармасы бірізге келтірілмеген. Пандемиядан кейінгі кезеңдегі Қытай сарапшыларының сыртқы қауымдастықпен байланысының азаюы, Ресейдегі шектеулер мен ОА-дағы синологияның эпизодтық деңгейі ҚХР сыртқы саясатын объективті зерттеуде қиыншылықтар туғызады. Қытайдың аймақтағы және жекелеген мемлекеттердегі стратегиялық ықпалына тұрақты мониторинг жүргізу қажет.</p> <p>7.1 отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектеріне шолу нәтижесінде дәлелденді</p> <p>7.2 жоқ</p> <p>7.3 иә, жаңа</p> <p>7.4 қолдану деңгейі кең</p> <p>7.5 иә, мақалада дәлелденген</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттын дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған зерттеу әдістемесі негізделген және зерттеу бөлімдерін дайындауда нақты көрініс тапқан. Бұл жұмыстың әдістемелік үйлесімділігін аңғартады. Автор ҚХР сыртқы саяси стратегиясының ерекшеліктерін анықтау үшін жүйелі талдауды, Қытайдың тұжырымдамалары мен бастамаларына салыстырмалы зерттеу, олардың эволюциясы мен аймақтық қатынастарға әсерін зерттеуді қамтитын кешенді талдау әдістері қолданған. Негізгі тенденцияларды бөліп көрсету және негізді қорытындыларды шығару үшін сапалы зерттеу әдістері қосымша түрде пайдаланылған. Автор әлеуметтік сауалнама арқылы қазақстандықтардың Қытай бастамаларына қатысты көзқарасын анықтаған. Осылайша, қолданылатын әдістер зерттеудің ерекшелігін қамтамасыз етеді, сонымен қоса оның сенімділігі мен маңыздылығына тікелей ықпал етеді.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған, яғни диссертант электронды ресурстарды пайдалана отырып мақалаларды іздестіру және сұрыптау, әлеуметтік сауалнама жүргізу, ғылыми жұмыстың визуалдық материалдарын дайындауда компьютерлік технология мүмкіндіктерін іске асырған.</p>

		2) жок	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок	Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми <u>әдебиеттерге сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияның негізгі нәтижелері мен ұсыныстары нақты және сенімді деуге болады, себебі олар сенімді дереккөздері мен беделді баспалардағы материалдарға негізделген. Автор қытай зерттеулерінің нәтижелерін, Қытай Халық Республикасының ресми мәлімдемелерін және рецензияланған шетелдік және отандық басылымдардағы жарияланымдарды белсенді түрде пайдаланған, бұл зерттеудің объективтілігін, барлық позицияны қамтуын білдіреді. Көп жылдық зерттеу және сарапшылық тәжірибесі, сондай-ақ ғылыми журналдардағы жарияланған мақалалары, халықаралық конференциялардағы баяндамасы авторды осы саладағы сауатты мамандардың бірі екенін дәлелдейді. Сондықтан диссертациясы жұмысындағы түйіндер объективті және өзектілігін жоғалтпаған деректер базасына сүйене отырып жазылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі <u>әдеби шолуға жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Диссертацияның кіріспесіндегі әдебиеттер шолуында әртүрлі дереккөздер, соның ішінде академиялық еңбектер, монографиялар, бұрынғы диссертациялар және ресми құжаттар қамтылып, зерттеу тақырыбының ашылуына көңіл бөлінген. Отандық, қытайлық, ресейлік, АҚШ, Еуропа, Индия ғалымдарының еңбектері, ресми құжаттар мен мемлекеттік келісімдер, Мемлекет басшыларының баяндамалары мен елшіліктердің жарияланымдары жеткілікті түрде қамтылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жок	Жұмыстың теориялық маңыздылығы бірнеше қырынан көрінеді. Біріншіден, зерттеу халықаралық қатынастар эволюциясының теориялық түсінігін дамыта отырып, Қытайдың сыртқы саяси стратегиясының трансформациясына жан-жақты талдау жасайды. Екіншіден, автор «адамзаттың тағдыры ортақ қауымдастық», «халықаралық қатынастардың жаңа типі» сияқты ұғымдарды қазіргі теориялық дискурста енгізе отырып талдайды. Үшіншіден, жұмыста ҚХР сыртқы саясатына әсер ететін тарихи және заманауи факторлар қарастырылған, бұл жаһандану жағдайында

			<p>дипломатияны зерттеудің жаңа теориялық тәсілдерін жетілдіру үшін маңызды. Зерттеудің теориялық мәні оның мемлекеттердің сыртқы саяси стратегияларын талдауда жаңа теориялар мен тұжырымдамаларды қолдану қабілетінен көрінеді.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>Зерттеудің нәтижелерін практикада қолдану мүмкіндігі бірнеше қырынан қарастырылады. Біріншіден, зерттеу нәтижелері саяси-дипломатиялық және экономикалық шешім қабылдаушыларға, сондай-ақ академиялық қауымдастыққа Қытаймен қарым-қатынас стратегиясын дамыту үшін, әсіресе «Белдеу мен жол» бастамасы және «адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» контекстінде құнды зерттеу ұсынады. Диссертант осы тұжырымдамалардың мемлекеттік тілдегі бірыңғай нұсқасын пайдалану жөніндегі нақты практикалық ұсыныс берген. Екіншіден, зерттеу әлемдік тәртіпке әсер ететін жаһандық өзгерістер жағдайында Қазақстанның сыртқы саясат тұжырымдамасын қайта өзекті қылуға, жаңа міндеттер қоюға серпін береді. ҚХР-мен екіжақты және көпжақты ықпалдастық бойынша, оның концепциялары мен бастамаларына Орталық Азия елдерінің арасында ортақ саяси позиция, бір-бірінің экономикасын толықтыратын прагматикалық көзқарас қажет дейтін болсақ, бұл жұмыс соған қажетті негіздемелерді алға қояды. Осылайша, тәжірибелік маңыздылығы Қытаймен саяси, экономикалық және мәдени деңгейде ынтымақтастықтың тиімді стратегияларын әзірлеу үшін зерттеу нәтижелерін қолдану, сондай-ақ серіктестікті нығайтуға ықпал ететін негізделген шешімдер қабылдау мүмкіндігінде жатыр. Қорытындылай айтқанда, зерттеу Қытай ұсынған негізгі тұжырымдама, бастама мен стратегияға қатысты Қазақстан мен Орталық Азияның өзіндік жоспарын дамытуға қатысты сұрақтарға жауап іздейді.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу нәтижелерінен шыққан практикалық ұсыныстар жаңа болып саналады және ҚХР-мен ынтымақтастық стратегиясын дамытуға қажетті ұсыныстарды алға қояды. Жаңашыл сипаттағы практикалық ұсыныстар қарым-қатынастардың ағымдағы жай-күйі мен динамикасын ғана емес, сонымен бірге болашақтағы ықтимал өзгерістерді, оның ішінде «Адамзат қауымдастығының ортақ тағдыры» және «Белдеу мен жол» аясындағы байланыстың ықтимал траекториясын қарастырады. Бұл ұсыныстар Қытаймен саяси және экономикалық өзара ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ халықаралық аренадағы Қазақстанның позициясы мен ұстанымын нығайтуға құнды нұсқаулық бола алады. Жалпы алғанда ұсыныстар Қытайдың сыртқы саяси стратегиясының эволюциясы және Қазақстанмен және Орталық Азиямен қарым-қатынастардың трансформациясы туралы деректерге негізделген.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация мәтінінің академиялық стилі жоғары дәрежеде жазылған. Автордың мемлекеттік тілде сауатты, өз идеялары мен дәлелдерін нақты тұжырымдайды, халықаралық терминдерді де орнымен қолданады. Бұл оқырманның ұсынылған ақпаратты анық түсінуіне ықпал етеді. Мәтіннің құрылымы қисынды, бірізді, дәлелдері негізделген. Мұндай академиялық стильге сай дайындалған жұмыс ғылыми ақпаратты дәлдікпен және объективті жеткізуге мүмкіндік береді.
-----	---------------------------	--	--

Шешімі: Бейсенбаев Олжас Тусупбекулының «6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «ҚХР сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы және «Белдеу мен жол» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы заманауи шынайылық қажеттіліктерін қанағаттандыратын, мән-мазмұны айқындалған ғылыми жұмыс болып табылады. Зерттеу жұмысы автордың біліктілігі жоғары, ғылыми көзқарасы мен ұстанымы айқын, отандық ғылымның теориялық міндеттерін шешуге өз үлесін қоса алатын шығыстанушы маман екендігін көрсетеді.

Сын-пікір жазуға берілген Бейсенбаев Олжас Тусупбекулының «ҚХР сыртқы саяси стратегиясының трансформациясы және «Белдеу мен жол» аясындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы» атты диссертация жұмысының теориялық және практикалық құндылығын, жаңашылдығын, маңызды нәтижелерін, жұмыстың ауқымын ескере отырып «6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Тарих ғылымдарының кандидаты,
 Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ
 Шығыстану факультетінің доценті



М.А. Омарова

Қойылған М. А. Омарованың
 қолтаңбасын растаймын
 Кадрлар бөлімінің инспекторы
 Подпись Омаровой М.А. заверяю
 Инспектор отдела кадров 20.12.2023